



Өз елім менің



Мен-қазақпын

Мен-қазақпын мың өліп, мың тірілген
Мақтанамын анам туған тіліммен.
Дүниеге жар саламын айқайлап,
Сәби жүрек, пәк періште үніммен.
Мен-қазақпын, ұлылардың көзімін,
Абай, Мұхтар, Баукеңдердің сөзімін.
Жеткіземін жауқазындай жырыммен,
Жұбан, Мағжан, Сәкендердің сезімін.
Мен-қазақпын, мен ұлтымның ұлымын,
Мұқағали, Мұхтарлардың жырымын.
Басқа жанға бас имейтін Тәңірден,
Мен азатпын, бір Алланың құлымын.
Мен-қазақпын, шындық менің ұраным,
Шындықты мен Алашым деп ұғамын.
Тілім, жерім, елім дейтін еңіреп,
Ертең мен де ата жолын қуамын.

Тілім-тағдырым

Тілім менің-арманым, болашағым,
Сені үйреніп өмірге жол ашамын.
Сен-анасың, біз сенің ұрпағыңбыз,
Кім ұмытар анасын, бала шағын.
Тілім менің-байлығым құны биік,
Өлгенімше өтермін сені сүйіп.
Ғұлама да, ғалым да, ақындар да,
Өз тіліне өтіпті басын иіп.
Тілім менің-тағдырым, жан дауысым,
Кеудемдегі өрлігім, ар-намысым.
Шыбын жанды қиямын өз жолыңа,
Кіршік түспей сан ғасыр самғау үшін.

Жамбыл Дүйсенов
Жас ақын

Алаштың ардақтылары

9 ақпан

Ақиық ақын-
Мұқағали
Мақатаевтың
туған күні



Мақатаев атты алып ақындық
жарқын жүзіне, миллион адам
миллион түрлі пікір пайымдаса да,
ешбір кіреуке, көлеңке түспей
келешекке қарай керуен түзеп, көше
бермек.

Мұхаметжан Қаратаев

Бірде Майқы би қобызын алып: «О,
дарига – ай, о, дарига – ай!» дей
беріпті. Зарлы үнмен:
«Болғанда ақырзаман саулайды
жел. Тоқтыға мың қарабас бір
қозы тел, Тоқтыны мың қарабас
еміп тұрып, зарлайды тоймадым
деп пәруәрдігер. Болғанда
ақырзаман су тарылар, Жігітке
қарап тұрған қыз артылар. Көз
жұмсам, һамме бүлік көріп
тұрам, Бұдан соң қалай көңіл
шарты болар». Несесе, «Әлі
заман өзгерер, Өзгергенін көз
көрер. Мінгенің арба болар, бар
құс қарға болар. Жансыз арба ат
болар, Өз балаң өзіңе жат болар.
Темірден құсың болар,
Ұрпағымның көргені сұс болады.
Еркек билік тұл болар, Сиыр пұл
болар, Еркек жасып ит болар,
Қатын тұлданып би болар.
Баққаның өсек, сөз болар. Сары
судан ас шығар, жер тақыр
болар... Енді төрт мың
жылда, дүние тамам болар»-деп
жасаған болжамдық
тұжырымдарының кейбіреуі
бүгінде шындықтың елесін
көрсетуде.

Имандылық тұтқасы



“Қызғалдақ”
қыз балалардың
сырласу бұрышы

“Толағай”
ер балалардың
кеңесу бұрышы



“Апамның айтқандары”

9. Ауыз шешендік әркімде болады. Әсіресе қыздың аузы сүйреңдеп, көп сөйлемегені абзал. Өйткені қыздың күлкісі, жымиюы, бас изеуі, көзқарасы, жүріс-тұрысы – бәрі де сайрап тұрған сөз. Сондықтан, оның аз сөйлеп, айналасына ақылмен танылғаны дұрыс.
10. Шошандаған қыз шешенің атына кір келтіреді.
11. Баласы арақ ішсе, шешесі у ішеді. Маскүнем, жаман бала жақсы ананы ажалынан бұрын көрге кіргізеді.
12. Жаман туыс тістеуік, жақсы жолдас үйірсек. Жақсы дос жаман әкеден артық.
13. Үміт күткен ұлы оңбаған боп кетсе – әке сорлы; қызы күйеуге өтпесе, - шеше сорлы; сұлу деп алғаны сүйкімсіз боп шықса – жігіт сорлы; қыран деп тигені жапалақ боп шықса – жар сорлы.
14. Ақ көңіл мен адал ниеттен туған іс әсем болмаса да сүйкімді. Айла мен арамдықтан туған іс әдемі болса да жиіркенішті.
15. Қыздың жақсы жігітке шығуы, жігіттің жақсы жар таңдап алуы жеңіспен парапар. Алдымен жеңіске жету қымбат, ал жеткен жеңісті баянды ету – одан да қымбат.

**Жалғасын гимназия кітапханасындағы
Ә.Нұршайықовтың “Махаббат
қызық мол жылдар” кітабынан оқи
аласыз.**

**Аылдыдан шыққан сөз-
талаптыға болсын кез**

Жақсы адамның өз мойнына алған борышы темір шынжырдан да, аттың кісенінен де мықты.

Өміріңе қауіп төніп тұрса да, ел-жұртың ұялатын, азаматтығыңа кір келтіретін нәрсеге аяқ баспа.

Әркімнің ішкі нұр сәулесінің үш аты бар: еңбекқорлық, кішіпейілділік, жақсылық.

Кім өзін жұрттан артық санаса, сол ақымақ.

Қолыңда Сүлеймендей қуат болса да, қылдырықтай құмырысқаға қиянат жасама.

Бар байлықты жинауға тырысқан адам-бақытсыз.



**Ғибратты
аңгімелерді оқы,
көңілге тоқы !**

Тесік шелек

Бір кісі қожайынының үйіне екі шелекті іліп алып иінағашпен су тасиды екен. Екі шелектің біреуі тесіліп, үйге жеткенше жарты шелек су сыздықтап ағып кететін болады. Бұл жағдай екі жыл бойы жалғасады. Қатты қысылып жүрген тесік шелек су тасушыға: “Сізден кешірім сұраймын. Ұяттан өртеніп жаздап жүрмін”, - дейді. Су тасушы: “Оған бола қайғырма. Одан да ”жолдың сен жағындағы гүлдерін бір байқашы”, - депті. Байқаса, жолдың өз жағы иісі аңқыған небір гүлдерге толы екен.

Гимназия жаңалықтары

2 ақпан күні «Есіңе мені алғайсың» атты **Мұқағали Мақатаевты** еске алу кеші өткізілді. Әдеби-музыкалық кешті ұйымдастырушы кітапханашы Елеусизова Әлия. Кеш барысында ақынның өлеңдері оқылып, композиторлардың өлеңдеріне жазылған қын өлеңіне жазылған әндері орындалды.

9 ақпан күні өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен Ауған соғысы ардагері Кулбаев Ерлан Мұхтарұлымен «**Ауғанның от-жалыны**» тақырыбында кездесу болып өтті. Кездесу барысында Ерлан Мұхтарұлы өзінің Ауған соғысында болған кездерін баяндап берді.

16 ақпан күні «**Ер есімі – ел есінде**» тақырыбында патриоттық әндер байқауы болып, жеңімпаздар гимназия директорының мақтау қағаздарымен марапатталды.



Сүйінші!

Дөң Кен Байыту комбинатының жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен «Дневной дозор» ойынында гимназия командасы жүлделі I орынға ие болды.

Тылсым дүние

Жапон ғалымы Эмото Масару классикалық музыка мен ауыр рокты қатар тыңдап, кейін оны қатырып зерттеген. Зерттеу барысында су кристалдарын суретке түсіріп, қайран қалыпты. Ауыр роктың қасына қойылған су шытырасы адам көргісіз формаларды қалыптастырған. Классикалық музыка “тыңдаған” су шытырасы керемет симметриялы, қайталанбас ғажап құрылымдарды берген. Адамның энергетикалық вибрациясы ой, сөз, ән судың молекулалық құрылымына әсер берген. Адамға беретін әсерін өзіңіз ойлай беріңіз. “Судың да сұрауы бар” деп, казак бекер айтпаса керек.

Өзінді-өзін ретте

Психологиялық кеңес

Құрметті дос!

Сен өз келешегіңді таңдау алдында тұрсың!

Адамның кәсіби өзін табу бағдарына көптеген факторлар әсер етеді, соның ішіндегі ең маңыздылары:

- мамандық және оның қажеттілігі туралы білу;
- бейімділіктер (қызығушылық, еңбек түрткісі, ынтасы);
- қабілеттер, денсаулық (ішкі мүмкіндіктер мен шектеулер);
- ықылас деңгейі мен өзін-өзі бағалау;
- ата-ананың, отбасының көзқарасы;
- құрбы-достарының көзқарасы;
- мұғалімдер мен мамандардың көзқарасы;
- жеке кәсіби жоспар-адамның кәсіби салада неге және қалай жету керектігі жөніндегі пайымдар жүйесі.

Сондықтан, ең алдымен қызықтыратын мамандықты анықтап алып, содан кейін ғана оны игеруге қажет білім деңгейі туралы ойлану керек. Ал оқу орнын таңдау мәселесі-ең соңғы кезең болып табылады.

Ұша білген қанатқа дүние кең

Оқушы қаламынан


Егеменді қазақ елі

«Елу жылда ел жаңа» дейтін қазақ,
Келеміз біз жаңарып, жарқылдап-ақ.
Құтты болсын егеменді жиырма жылың,
Жиырма жылдың ішінде болдық мадақ.
Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев,
Болашақты болжады таңғажайып.
Сарыарқаға көшіріп Астананы
Ертегідей етті ғой бас қаланы.
Елбасының саясаты арқасында,
Қазақстан гүлденіп, көркеюде.
Әлі де даңқың асын, қазақ елі,
Біз жүрейік мақтанып өзге елге.

Қазақ тілі-асылым

Қазақ тілі, ана тілім, асылым
Асқар тауым, шалқар көлім, белдерім.
Қыраның боп самғап мен де келемін.
Мәңгі бақи сені сүйіп өтемін.
Қазақ тілім-асылдардың асылы,
Қазақ тілім-ілім- білім тасқыны.
Оқушыны жетелейтін білімге,
Оқу сырын үйрететін біздерге.
Қазақ тілім-қазақ бол деп жетелейтін
алашын,
Білім шыңын, өмір сынын, ұқтыратын
барлығын.
Қазақ тілі-дана сөзі, ел сөзі
Қазынасы менің туған жерімнің.

Зере Нүрпейісқызы
8 сынып оқушысы



Бізге неге басқаша?

Жер-Ананың алдындағы мәңгілік
парызымызға тірелетін мәселелерді
ұмыт қалдырып бара жатқан жайымыз
бар. Еуропадағы ең нұр төгілген,
жердегі жаннат ел- Швейцария. Оның
маржаны, әрине, Женева көлі. Көлдің
бетінде құжынаған, адам-мен
араласып жүрген неше түрлі құстар
көрінеді. Ен көбі аққу, үйректердің де
неше түрі бар, қасқалдақтар және
басқа құстар. Су фонтанына баратын
жолдың қасына бір тастар төгілген
екен. Соның бір жеріне шамалы қамыс
шығыпты. Сол жерден бір үйрек
балапандарын басып шығарып ертіп
жүр екен. Енді бір аққу дәл сол
жолдың түбінде жұмыртқа басып
жатыр. Қаптап жүріп жатқан елден еш
сескену жоқ. Қорқу жоқ. Шошу жоқ.
Бұл адамға деген қандай сенім
десеңізші! Ал адамдар қасынан
шошытпайық деп сыбырласып қана
өтеді. Осы көріністер жәй ғана таңғала
салатын көріністер емес қой. Олар
соны көріп өсетін жас балалардың жан
дүниесін мейірілі етіп тәрбиелейтін
маңызы зор мәселе деп қарауымыз
керек. Осыдан біраз жыл бұрын
Бетпақтың даласында 2 миллионнан
аса ақбөкен болған. Бұл бір осы
даланың сәні тұғын. Сол ақбөкендер
азая келе 25 мыңға дейін жет-кен екен.
Не деген сұмдық! “Судың да сұрауы
бар” деп бекер айтылмаған.

**Швейцария мен Қазақстанды
салыстырып көр. Бізге неге
басқаша?**

“Құбылнама” клубы

**Бас редактор: Елеусизова Әлия
Мухамбетқызы**

Тарату бөлімі: “Құбылнама” клубы
871336-27-7-40 www.gimnaziya6.kz

Газет айына бір рет шығады.
Мекен жайы: Хромтау қаласы
Әуезов көшесі 126
№6 Хромтау гимназиясы